

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

**АСТАНА, 2024
ASTANA, 2024**

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

В целом, введение углеродного налога может принести множество позитивных результатов, однако необходимо учитывать и негативные последствия и принимать меры для минимизации их влияния.

В заключение следует отметить, что углеродный налог является мощным инструментом для сокращения выбросов парниковых газов и борьбы с изменением климата. Устанавливая цену на углерод, он создает экономический стимул для предприятий и частных лиц внедрять низкоуглеродные альтернативы и сокращать выбросы. Несмотря на то, что он не лишен трудностей, углеродный налог имеет потенциал стать ключевой политикой для решения одной из самых острых экологических проблем нашего времени.

Список использованной литературы:

1. Осмонова, А. А. Исследование некоторых методологических аспектов внедрения налогового учета и налогового анализа в Кыргызской Республике в условиях цифровизации / А. А. Осмонова, Т. Н. Абдыкалыкова // Экономика и управление: проблемы, решения. – 2023. – Т. 4, № 4(136). – С. 59-65. – DOI 10.36871/ek.ur.p.r.2023.04.04.008. – EDN HRTUCZ.
2. Мингалева, Ж. А. Механизм налогообложения вредных выбросов: анализ с позиции институционального подхода / Ж. А. Мингалева, Ю. В. Старков // Финансовый журнал. – 2020. – Т. 12, № 2. – С. 25-38. – DOI 10.31107/2075-1990-2020-2-25-38. – EDN NHLBKE.
3. Smith, John. The Economics of Climate Change. Cambridge University Press, 2020.
4. Ведомости. <https://www.vedomosti.ru/economics/articles/2021/09/22/887822-vlasti-uglerodnogo-naloga> (23 сентября 2021)
5. "Carbon Taxes and the Green New Deal" автора Роберт Полин, Палгрейв Макмиллан, 2020.
6. "The Case for a Carbon Tax: Getting Past Our Hang-ups to Effective Climate Policy" автора Ши Уолш, Оксфордский университетский пресс, 2011.
7. Осмонова, А. А. Оценка эффективности введения плоской шкалы налогообложения в Кыргызской Республике / А. А. Осмонова, А. Б. Субанкулова // Известия Иссык-Кульского форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии. – 2018. – № 3(22). – С. 61-67. – EDN YNVXID.

ӘОЖ 336.02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕС: КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ПРОЦЕДУРАЛАРДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ

Самархан Г.А.

«Қаржы» кафедрасының 1-курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: guliya.samarkhan23@gmail.com

Жағыпарова А.О.

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zhagyparova.aida@mail.ru

Аңдатпа. Мақала Қазақстандағы салықтық бақылау мәселелерін және оның шағын бизнеске әсерін қарастырады. Шағын бизнесті дамытуды ынталандыру және салық ауыртпалығын азайту үшін мемлекет ұсынатын қолдау шаралары талданады. Процедураларды жеңілдетуге және кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға ерекше назар аударылады. Мақалада бизнес-климатты жақсартуға бағытталған заңнамадағы өзгерістер қарастырылады, сондай-ақ олардың тиімділігі бағаланады. Зерттеу нәтижелері шағын бизнесті қолдаудың тиімді стратегияларын қалыптастыру және елдегі экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында салық жүйесін жақсарту үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: шағын кәсіпкерлік, тексерулер, мораторий, арнаулы салық режимі, Салық кодексі.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы налогового контроля в Казахстане и его влияние на малый бизнес. Анализируются меры поддержки, предлагаемые государством для стимулирования развития малого бизнеса и снижения налоговой нагрузки. Особое внимание уделяется упрощению процедур и снижению административных барьеров для предпринимателей.

Также рассматриваются изменения в законодательстве, направленные на улучшение делового климата, а также оценивается их эффективность. Результаты исследования могут быть полезны для формирования эффективных стратегий поддержки малого бизнеса и совершенствования налоговой системы в целях стимулирования экономического роста в стране.

Ключевые слова: малый бизнес, проверки, мораторий, специальный налоговый режим, Налоговый кодекс.

Annotation. The article discusses issues of tax control in Kazakhstan and its impact on small businesses. The support measures offered by the state to stimulate the development of small businesses and reduce the tax burden are analyzed. Particular attention is paid to simplifying procedures and reducing administrative barriers for entrepreneurs. Also article discusses changes in legislation aimed at improving the business climate, and also evaluates their effectiveness. The results of the study may be useful for developing effective strategies to support small businesses and improve the tax system in order to stimulate economic growth in the country.

Key words: small business, inspections, moratorium, special tax regime, Tax Code.


Шағын бизнес бүгінде тұрақты экономикалық және саяси дамудың өзегі болып табылады. Жаһандық сын-кәтерлер мен өзгермелі нарық жағдайында кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жағдай жасау әр уақытта өзекті. Бұл тұрғыда салықтық бақылау мемлекетке қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін қаражат беру арқылы шешуші рөл атқарады, бірақ бұл процесте шағын бизнеске артық бюрократия мен жоғары салық ауыртпалығын салмау үшін тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Қазақстанда салықтардың шамадан тыс шоғырлану проблемасы бар. Елдегі барлық салық түсімдерінің 80% - ын небәрі 258 компания жүзеге асырады.

Жеңілдетілген декларацияны пайдаланатын шағын бизнес субъектілерінің 69%-ы 5 млн теңгеден аз кіріс көрсетіп, осы режимді қолдана отырып, жалпы түсімдердің 6%-ын ғана енгізеді.

Жеңілдетілген декларацияны пайдаланатын осы 942 мың шағын бизнес субъектілерінің ішінде пайдаланылмаған орасан зор салық әлеуеті жасырылған. Банктік транзакциялар мен декларацияларды салыстыру арқылы айналымның 8-ден 600 есеге дейін төмендеуі анықталады.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ерекше тәртіп бойынша жүргізілген тексерулер саны 2020 – 2022 жылдары 2619 бірлікті құрады. Бұл көрсеткіштегі шағын кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі 39%-ды құрады. 2022 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ерекше тәртіп бойынша жүргізілген тексерулер саны 2020 жылмен салыстырғанда шамамен 45 есеге төмендеді. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 85,86 %-ға, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 83,19%-ға азайған.




Сурет 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ерекше тәртіп бойынша жүргізілген тексерулер саны, бірлік

Ескерту - [1] ҚР ҚМ МКК дереккөзі бойынша автормен құрастырылған.

2020 жылы жоспардан тыс жүргізілген тексерулер саны 33 мыңға жетті, ең көп үлесті

шағын кәсіпкерлікке жүргізілген тексерулер алады, барлық тексерістің 70%-ы. 2022 жылы тексерулер динамикасы 60 пайызға ұлғайып, 6682 бірлікті құрады.



Сурет 2. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ерекше тәртіп бойынша жүргізілген тексерулер саны, бірлік

Ескерту - [1] ҚР ҚМ МКК дереккөзі бойынша автормен құрастырылған.

Қазір елімізде 1,5 миллионға жуық шағын және орта бизнес субъектісі бар. 2020 жылдан бері бизнестің дамуына мораторийдің айтарлықтай ықпалы болды. 2024 жылдан бастап жоспарлы салықтық тексерулер болмайды және олар профилактикалық тексерулермен ауыстырылады. Тексерулер тек ведомствоның есептеуі бойынша жылына екі рет өткізіледі. Яғни, осы себептен де 1 және 2 суретте салықтық тексерулердің жүргізілуінің азаюының себебі ретінде 2020 жылдан 2024 жылға (ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың желтоқсанындағы қаулыға түзету енгізуі) дейін болған ШОБ өкілдеріне мораторий жариялануымен түсіндіруге болады [2].

Кесте 1 – АСР пайдаланатын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, бірлік

Арнаулы салық режимі	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Оңайлатылған декларацияға негізделген АСР	1 383 813	1 521 581	2 128 570
Тіркелген шегерімді пайдалану арқылы АСР	1 139	2 935	5 157
Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР	174 414	175 252	185 539
Ауыл шаруашылығы өндірушілері мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған АСР	6 350	7 637	10 324
Бөлшек салықтың АСР			2000

Ескерту - [1] ҚР ҚМ МКК дереккөзі бойынша автормен құрастырылған.

Режимдердің, олардың шарттарының, критерийлерінің шамадан тыс әртүрлілігі оларды қолдануды және салықтық басқаруды айтарлықтай қиындатады. Түрлі арнайы салық режимдерін пайдалана отырып, салық жүктемесін оңтайландыру мақсатында кәсіпорындарды «ұсақтау» практикасы кеңінен қолданылады. Бизнесті ірілендіруге, жалдамалы қызметкерлерді «көлеңкеден» шығаруға ынталандыру жоқ.

Қазақстанда кәсіпкерлерді қолдауға, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған бірқатар шаралар мен бағдарламалар бар. Міне, бірнеше негізгі аспектілер:

- Жеңілдетілген салық жүйесі: Қазақстанда шағын бизнеске бухгалтерлік есепті жеңілдету және салық төлеу мүмкіндігін беретін жеңілдетілген салық жүйесі бар. Бұл қызмет түріне байланысты тіркелген салық төлемін қамтуы мүмкін.


- Жеңілдіктер мен субсидиялар: Мемлекет шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін түрлі жеңілдіктер мен субсидиялар береді. Бұл салық жеңілдіктерін, дамуға субсидияларды және белгілі бір салаларға қаржылық қолдау көрсетуді қамтуы мүмкін.

- Электрондық қызметтер мен порталдар: Салық органдарымен өзара іс-қимылды жеңілдету үшін кәсіпкерлерге есептілікті тапсыруға, салық міндеттемелері туралы ақпарат алуға және органдармен виртуалды түрде өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін электрондық қызметтер мен порталдар ұсынылады.

- Кеңес беру және оқыту: Кәсіпкерлер үшін салық салу және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер, кеңестер ұйымдастырылады. Бұл шағын бизнеске заңнамадағы өзгерістерден хабардар болуға және салықтық міндеттемелерді тиімді орындауға көмектеседі.

- Іскерлік климатты жақсарту: Қазақстан үкіметі елдегі бизнес-климатты жақсарту, соның ішінде бюрократияны азайту және инфрақұрылымды жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, бұл да шағын бизнестің дамуына ықпал етеді.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан халқы үшін жаңартулар мен түзетулер енгізілген Салық кодексі қолданысқа енгізіледі.



Сурет 3. Салық кодексінде қарастырылған мәселелер

Ескерту - [3] дереккөзі бойынша автормен құрастырылған.

Қалыптасқан халықаралық салық салу практикасы шағын бизнес субъектілеріне қатысты екі негізгі тәсілді көздейді:

1) жекелеген ірі салықтар (бойынша шағын бизнеске арналған салықтық жеңілдіктер жиынтығын стандартты ұлттық салық жүйесі аясында енгізу. Шағын бизнес үшін корпоративтік салықтың төмен мөлшерлемесін қолдану көптеген дамыған елдерде кең таралған;

2) шағын бизнеске салық салудың ерекше (оңайлатылған) режимдерін енгізу. Жеңілдетілген салық салу шағын кәсіпорындар үшін салықтардың барлық түрлерін сақтауды көздейді, сонымен бірге оларды есептеу тәртібін жеңілдетеді (салық базасын анықтаудың жеңілдетілген әдістері мен есепке алу әдістерін қоса алғанда) және өндіріп алу (мерзімділік, аванстық төлемдерден босату және т.б.).

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың ел экономикасы үшін маңыздылығын назарға ала отырып, арнаулы салық режимдері ағымдағы экономикалық жағдайға сәйкес келуге тиіс.

Тәуелсіз қызметкерлер үшін (жалдамалы еңбекті қолданбай, жеке кәсіпкерлік нысанында қызметін жүзеге асыратын) кәсіпкерлік қызмет нысандарының алуан түрлілігін ескере отырып, мобильді қосымшаны қолдану арқылы салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелерді орындауды жеңілдетуге болады. Мұндай қосымшаның функционалы Екінші деңгейдегі банктер мен электрондық алаң операторларының ұсынылған мәліметтері негізінде кірістер тізілімін автоматты түрде қалыптастыруға, олардың салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша

міндеттемелерін есептеуге, чектер беруге, сондай-ақ салық төлеушілерді салық есептілігін ұсынудан босатуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бөлшек салықтың арнайы салық режимін жетілдіру бөлігінде жұмыс жалғасуы тиіс. Осындай шаралардың бірі ҚР ҚМ МКК ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпаратты ұсыну арқылы шығыстардың салықтық есебін жүргізуді оңайлату болуы мүмкін. Шағын бизнестің айналымдарын жасырудан және төмендетуден гөрі «ақ түске» жұмыс істеуі маңызды. Яғни, салықтарды төлеу ұялы байланыс немесе сандық қызметтерге жазылу сияқты қарапайым болуы керек.

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі шағын бизнесті қолдауға және салық рәсімдерін жеңілдетуге баса назар аудара отырып, бизнес-ортаны жақсарту бойынша қадамдар жасауда. Салық жүктемесін азайту шараларын енгізу, есеп беру процедураларын және салықтық әкімшілендіруді жеңілдету кәсіпкерлерге өз бизнесінің өсуі мен дамуына көбірек мүмкіндіктер береді. Бұл күш-жігер кәсіпкерлік үшін қолайлы орта құруға, инновацияларды ынталандыруға және шағын кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Алайда, әлемдік экономика мен бизнес-ортадағы серпінді өзгерістерді ескере отырып, осы бағытта жұмысты жалғастыру қажет. Салық ережелерін үнемі жаңарту, кәсіпкерлікті белсенді қолдау Қазақстанда шағын бизнестің одан әрі дамуына ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде елдің экономикалық өсуіне және қаржылық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайты. www.gov.kz
2. «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 44 Жарлығы
3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) жобасына реттеу саясатының консультативтік құжаты. <https://legalacts.gov.kz/npra>

УДК 368

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ СТРАХОВЫХ РЫНКОВ СТРАН ЕАЭС

Серикова Г.С.

профессор, Карагандинский университет Казпотребсоюза,
г. Караганда, Республика Казахстан

Тынгишева А.М.

старший преподаватель, Карагандинский университет Казпотребсоюза,
г. Караганда, Республика Казахстан

E-mail: serikovagul@mail.ru, ajnur-88@mail.ru

Аңдатпа. Бұл аталған мақалада ЕАЭО мемлекет-қатысушыларының сақтандыру нарығында қалыптасқан жағдайлар бойынша ақпарат ұсынылған. Экономиканың жағдайына және даму қарқынына байланысты авторлармен ЕАЭО мемлекеттерінің сақтандыру нарықтарының жағдайына баға берілген, сақтандыру нарықтарының дамуындағы ортақ белгілері және мүмкін болатын айырмашылықтар, ЕАЭО мемлекеттерінің әр қайсысында сақтандыру нарығының дамуының деңгейі және әлеуеті көрсетілген.

Кілтті сөздер: сақтандыру нарығы, сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру төлемдері, сақтандыру компаниялары, ЕАЭО.

Аннотация. В данной статье представлен материал о сложившейся ситуации на страховых рынках стран-участниц ЕАЭС, рассмотрены особенности развития. Дана оценка современного состояния страховых рынков стран ЕАЭС, определены общие черты и имеющиеся различия в развитии страховых рынков, показана зависимость уровня и потенциала развития страхового рынка в каждой из стран ЕАЭС от состояния и темпов развития экономики.

Ключевые слова: страховой рынок, страховые премии, страховые выплаты, страховые